

**8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену
үшін ұсынылған Ажимгереева Алтынай Булатовнаның
«Стандарттардың халықаралық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан
Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді
басқару жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациясына**

АНДАТПА

Зерттеудің өзектілігі.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесі цифрлық трансформациямен, ғылыми білім беру кеңістігінің жаһандануымен, бәсекелестіктің артуымен, бюджеттік қаржыландырудың қысқаруымен және білім беру қызметтерінің сапасына қойылатын талаптардың өсуімен сипатталған серпінді өзгертін сыртқы орта жағдайында жұмыс істейді. Бұл факторлар жаңа тәуекелдердің пайда болуына және жоғары оқу орындары қызметінің тұрақтылығы мен тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін қауіптердің күшеюіне әкеледі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының көптеген жоғары оқу орындарында тәуекелдерді басқарудың рәсімделген жүйелері жоқ. Тәуекел менеджментінің элементтері бөлшектеп іске асырылады және стратегиялық жедел басқару процестеріне интеграцияланбайды. Бұл ретте халықаралық тәжірибе білім беру ұйымдарының тұрақтылығын, бейімделуін және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізі құралы болып табылатын жүйелі тәсіл екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының білім беру саласын қалыптастыру 1999 жылы 7 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» жаңа заңынан бастау алады. Бұл бағытты іске асыру мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі 2020 жылы Қазақстанның мемлекеттік жоғары оқу орындарының ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруіне және коммерциялық емес акционерлік қоғамға көшуіне байланысты ерекше өзектілікке ие болды. Осы кезден бастап Қазақстанның жоғары оқу орындары өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 19.04.2021 ж. №171 бекіткен бұйрығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады. Кодекс қоғамдағы басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуді мақсат етеді. Оның негізгі принциптерінің бірі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі жолдауында «Білім экономикасына көшу жағдайында ғылымды, білім беруді және инновацияларды басқаруды ықпалдастыру маңызды» деп атап көрсетілген. Бұл мақсатқа ғылыми-білім беру ортасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайтатын және жоғары оқу орындарының ресурстарын

ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді тетіктерін енгізбей қол жеткізу мүмкін емес.

ISO 31000:2018, IEC 31010:2019 халықаралық стандарттарына және олардың ҚР СТ ISO 31000-2020, ҚР СТ IEC 31010-2020 ұлттық аналогтарына негізделген тәуекел-менеджменттің қазіргі заманғы әдістемелерін енгізу жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді сәйкестендірудің, бағалаудың және мониторингтеудің бірыңғай қағидаттарын қалыптастыруға, басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыруға және сыни оқиғалардың ықтималдығын азайтуға, сондай-ақ білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі қазақстандық жоғары оқу орындарының ерекшеліктеріне бейімделген және халықаралық, ұлттық стандарттарға негізделген тәуекелдерді басқарудың бірыңғай жүйесін әзірлеудің объективті қажеттілігіне байланысты. Бұл Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің тұрақтылығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты - жоғары оқу орындарының тұрақтылығын, сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін халықаралық стандарттарға негізделген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметіндегі тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай нақты міндеттер қойылды:

Тәуекелдерді басқарудың теориялық негіздерін талдау және еліміздің жоғары оқу орындарындағы тәуекелдерді басқарудың ағымдағы жай күйін зерттеу;

Тәуекелдерді талдаудың қолданыстағы әдістерін пайдалану;

Тікелей жоғары оқу орнының ішкі ерекшеліктеріне бағытталған тәуекелдерді басқару әдістемесі мен жүйесін әзірлеу;

Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандартының жобасын әзірлеу;

Тәуекелдерді азайту шараларының ықтималдығын, салдарын және экономикалық тиімділігін есептеп, негіздеме жасау. Әзірленген әдістемені Қазақстанның жоғары оқу орындарына іс жүзінде енгізу бойынша нақты ұсыныстар дайындау.

Зерттеу нысаны

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қызметі.

Зерттеу пәні

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару жүйесі.

Зерттеу әдістері

Теориялық әдістер (ғылыми әдебиеттерді, нормативтік актілер мен стандарттарды талдау, индукция және дедукция, халықаралық және ұлттық тәсілдерді салыстырмалы талдау), эмпирикалық әдістер (жоғары оқу орнындағы тәуекелдер спектрін және олардың маңыздылығын анықтау үшін сауалнама, университеттің ішкі құжаттамасын талдау, «көбелек-галстук»

әдісі), сондай-ақ, аналитикалық әдістер (тәуекел рейтингін есептеудің ықтималдық-статистикалық әдістері, тәуекел матрицасы).

Диссертациялық талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер:

Кіріспеде зерттеудің жұмысының өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері негізделген, қорғауға ұсынылатын ғылыми жаңалығы мен негізі ережелері көрсетілген.

Бірінші бөлімде тәуекелдерді басқарудың теориялық негіздеріне талдау жүргізіліп, тәуекелдерді басқару бойынша нормативті-техникалық құжаттамаларға талдау жүргізілген.

Екінші бөлімде тәуекелдерді анықтаудың сараптамалық және графикалық әдістері қолданылып, тәуекелдердің ықтималдығы мен салдары анықталды.

Үшінші бөлімде жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған әдістеме мен ұйым стандартының жобасы әзірленіп, тәуекелдерді басқаруға арналған стратегиялық, тактикалық және операциялық іс-шаралар ұсынылды.

Төртінші бөлімде зерттеу нәтижелерін Қазақстан Республикасының жоғары білім беру мекемелеріне енгізу бойынша ұсыныстар жасалды.

Бесінші бөлімде Жоғары оқу орын қызметіне тәуекелдерді басқару жүйесін енгізудің экономикалық тиімділігі есептеліп, негіздеме жасалды.

Ғылыми жаңалығы

– Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық, ұйымдастырушылық және экономикалық құрамдас бөліктерді біріктіретін тұтас жүйесі ұсынылды;

– Халықаралық стандарттар мен ұлттық стандарттарды жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару моделіне интеграциялау негізделді;

– Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі әзірленді;

– Жоғары оқу орын деңгейінде тәуекел менеджмент процесін бекітетін тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандартының жобасы әзірленді.

Практикалық маңыздылығы

Тәуекелдерді басқарудың әзірленген жүйесін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары білім беру процесінің тұрақтылығы мен сапасын арттыру, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайту және ресурстарды ұтымды бөлу үшін пайдалана алады. Әдістеме стратегиялық және жедел жоспарлау, жоғары оқу орындарында ішкі бақылау мен сапа менеджменті жүйесін қалыптастыру кезінде қолданылады.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер

– Жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді анықтауға, жіктеу, талдау және басқару бойынша ғылыми зерттеу нәтижелері;

– Жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару әдістемесі;

– Жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқарудың нормативті техникалық құжатының жобасы;

– Жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқарға арналған бақылау парағы.

– **Автордың жеке үлесі.** Автор диссертация тақырыбы аясында ғылыми және практикалық жұмыстың барысын әзірледі, тәуекелдерді басқару әдістерін қолдана отырып, қойылған міндеттерді орындады. Бұл сенімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Автор университетке интеграциялау үшін тәуекелдерді басқарудың халықаралық стандарттарын қолданып, зерттеудің нәтижелерін дербес талдады және жұмыстың әр кезеңі бойынша негізделген қорытындылар жасады. Алынған нәтижелердің объективтілігі, сенімділігі мен дәлдігі бірнеше рет тексеріліп, қателер мен белгісіздіктер анықталды. Ғылыми жұмыс барысында автор көптеген теориялық және практикалық дереккөздерді зерделеп, талдады, сауалнама нәтижелерін жинады, жоғары оқу орнында тәуекелдерді басқару бойынша бастапқы жай-күйіне зерттеулер жүргізді және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тәуекелдерді анықтау, сәйкестендіру, бағалау, мониторингілеу және басқару жөніндегі әдістемені әзірледі. Автор зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орнының қызметіне енгізді, ғылыми мақалалар дайындады және ұйым стандартының әдістемесі мен жобасын жасады.

Жұмыс нәтижелерін апробациялау: Диссертация нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (ХҒПК) баяндалды: «Сейфуллин оқулары-18(2): «XXI ғасыр ғылымы – Трансформация дәуірі» Халықаралық ғылыми практикалық конференция (2022 ж., Астана); М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» ХҒПК (2023 ж., Астана); «Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері» (EPFS 2023) ХҒПК (2023 ж., Горки); «Жаһандық ғылым және инновация 2023: Орталық Азия» ХҒПК (2023 ж., Астана); «Қазіргі жоғары білім берудің даму перспективалары мен тенденциялары» ХҒПК (2023 ж., Астана); «Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары» ХҒПК (2024 ж., Пенза); «СМиС-2024 Сапаны басқару технологиялары» ХҒПК (2024 ж., Мәскеу); «С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған» ХҒПК (2023 ж., Астана); «Ғылыми зерттеулер 2025» ХҒПК (2025 ж., Пенза).

Жалпы жарияланымдар бойынша: Scopus базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (ХҒПК) 4 мақала, республикалық халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (ҚР ХҒПК) 5 тезис басып шығарылды және 2 авторлық құқық алынды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі: Диссертация мәтіні А4 форматта компьютерде 194 бетте терілген, 23 кестеден, 27 суреттен, кіріспеден, бес бөлімнен, қорытындыдан, қосымшалардан, 102 әдебиет көздерінен тұрады.